

Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1344 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес және елдің балық шаруашылығын одан әрі дамыту, балықтың құнды түрлерін сақтау әрі дамыту және балық қорларын тиімді пайдалану үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін (бұдан әрі - Бағдарлама).

2. Мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 1 ақпанға және 1 тамызға Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 3 4 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

А с т а н а

қ а л а с ы ,

2003 жыл

1. Бағдарлама паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (7.5.18-тармағы)
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бағдарламаны іске мерзімі	2004-2006 жылдар асыру
Бағдарламаның мақсаты	Басты мақсаты - елдің балық шаруашылығын дамыту, балықтың құнды түрлерін сақтау әрі дамыту және балық қорларын ұтымды пайдалану үшін жағдай жасау
Бағдарламаның міндеттері	Қойылған мақсаттарға сәйкес Бағдарламаның бірінші кезектегі міндеттері - қазіргі заман жағдайында балық шаруашылығын тиімді дамыту үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; балық шаруашылығы саласын басқарудың тиімді жүйесін құру; Қазақстан Республикасы су айдындарының балық қорларын қорғаудың, ұдайы молайтудың тиімді жүйесін қалыптастыру; балық шаруашылығы су айдындарындағы балықтардың құнды түрлерінің кәсіпшілік қорларын қалыптастыру әрі толықтыру және көл-тауар шаруашылықтарын дамыту үшін жағдай жасау; балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету.
Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен көздері	Бағдарламаны іске асыруға 2004-2006 жылдары республикалық бюджет есебінен 1 302,8 млн.теңге қаражат көзделеді, оның ішінде 2004 ж.- 630,4 млн.теңге; 2005 ж. - 330,2 млн.теңге; 2006 ж. - 342,2 млн.теңге. Сондай-ақ Бағдарламаны жергілікті бюджеттер, табиғат пайдаланушылар,

халықаралық қаржы институттары қаражаттары есебінен қаржыландыру көзделеді.

Күтілетін түпкі нәтижелер Қазақстан Республикасы балық шаруашылығы су айдындарының балық қорларын молайтуды; Қазақстан Республикасы балық шаруашылығы су айдындарында балық өндіру көлемін 1998-2001 жылдардағы 36,1 мың тоннадан 2006 жылы 51,7 млн. тоннаға дейін ұлғайтуды; балық шаруашылығы саласын мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруды қамтамасыз ету көзделеді.

2. Кіріспе

"Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған салалық бағдарламасы" "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысына сәйкес әзірленді.

Соңғы жылдары қаржыландырудың жетіспеуімен және ел экономикасын реформалаумен байланысты басқа да бірқатар себептермен байланысты және осыған байланысты республика балық шаруашылығының күрт құлдырауына байланысты, сондай-ақ балық өнімдеріне сұраныстың өсуіне байланысты балық шаруашылығын дамыту перспективаларын айқындау үшін балық ресурстарын қалпына келтіру, оларды тұрақты пайдалану жөнінде кідіріссіз шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды.

Балық шаруашылығы су айдындарының едәуір қоры, ұдайы молайту мақсатындағы қазіргі кәсіпорындар, балық аулаумен және балық өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар бұл үшін база болып табылады.

2004-2006 жылдар кезеңінде Бағдарламада балықтардың негізгі кәсіпшілік түрлерін өндіру түрлерін ұлғайту және балықтардың сирек кездесетін түрлерінің тектік қорын сақтау, Қазақстан Республикасы су айдындарының балық қорларын сақтау әрі тұрақты пайдалану жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды, балық шаруашылығын мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру және саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру көзделеді.

3. Балық шаруашылығы саласының қазіргі жай-күйін талдау

Жоспарлы экономика кезінде Қазақстанда балық шаруашылығы халық шаруашылығының ең жоғары дамыған салаларының бірі еді. 1991 жылы балық аулау мен балық өнімдері өндірісінің жалпы көлемі 80 мың тоннадан астамды, оның ішінде тоғандық - 8,8 мың тоннаны құрады. Барлық облыстарда балық зауыттары мен балық

комбинаттары, ал Жайық-Каспий бассейнінде, Балқаш және Алакөл көл жүйелерінде өндірістік бірлестіктері құрылды.

Елдің балық шаруашылығы негізін құрамына Каспий мен Арал теңізінің, Балқаш-Іле балық кәсіпшілігі бассейнінің, Бұқтарма, Қапшағай, Шардара су қоймаларының, Алакөл көлдер жүйесінің едәуір акваториясын және жалпы алаңы 3 млн. гектардан астам басқа да су айдындары енетін су айдындарының балық шаруашылығы қоры құрайды.

Нарық экономикасына көшудің бастапқы кезеңінде елде қалыптасқан ауыр экономикалық жағдай балық шаруашылығы саласына да әсер етті. Балық шаруашылығы министрлігі одан кейін тиісті комитет таратылғаннан кейін саланы қаржыландыру, әсіресе балық қорларын ұдайы молайту әрі қорғау жөніндегі көлемі қысқартылды. 90-жылдардың басымен салыстырғанда балық аулау көлемі үш есе азайды (1-кесте). Сонымен бір мезгілде бекіре балықтарының қорлары 9 есе азайды. Оның бір түрі - шип өзінің кәсіпшілік маңызынан айрылды. Бұрын жоғары кәсіпшілік маңызы болған басқа түрлері жойылу қаупі төнгендіктен, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілді.

Балық шаруашылығының тұтас бір бағыты - тауарлық балық шаруашылығы өмір сүруден қалды.

Мұндай жағдай белгілі бір дәрежеде балық шаруашылығы саласында нысаналы мемлекеттік саясаттың болмауынан, балық шаруашылығын мемлекеттік басқарудың ыдыраңқылығынан туындады.

Мысалы, балық шаруашылығын ұдайы молайту және реттеумен Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті, балық қорларын мемлекеттік бақылаумен және оларды қорғаумен бұрынғы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі айналысса, ал балық ресурстарын қайта өңдеу бұрынғы Экономика және сауда министрлігінің қарауында болды.

Мұның өзі балықты заңсыз аулау әрі оның контрабандасына ықпал етті. Осыған байланысты халықты балық өнімдерімен қамтамасыз ету көлемі едәуір азайды. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Тағам институты ұсынған халықтың жан басына шаққанда балық тұтынудың жылына 14 кг нормасы кезінде осы көрсеткіш бұрын 10 кг-ға жетсе, қазіргі уақытта жылына 4,3 кг-ға дейін жетті. Өнімнің бұл түрін толықтыру үшін соңғы жылдары республикаға балық пен балық өнімдерінің едәуір саны импортталуда, ал республикада балық өндіру мен молайтудың қолда бар мүмкіндіктері толық пайдаланылмауда.

Бұл ретте импортталатын балық өнімінің көлемі өсу үрдісіне ие. 1995-2001 жылдар кезеңінде балық өнімдерінің импорты экспорттық беруден 9,3 мың тоннаға асып түсті, ал ақшалай түрде 11 млн. АҚШ доллары, ал 1995-2000 жылдар кезеңінде балық өнімдерінің экспорты жылына 15,9 - 18,2 мың тонна құрады. 2001 жылы балық өнімдері экспорты 25,5 мың тоннаға жетіп, өсті, бұл ақшалай түрде 19,8 млн. АҚШ

долларын құрайды, ал республикадағы балық аулау мен өндіруді ұлғайту мүмкіндіктері толық пайдаланылмауда.

1-кесте

Қазақстанда балық аулаудың жылдар бойынша серпіні

N P/c	Негізгі су айдындары	балық шаруашылығы				Жылдар	
		1975	1980	1986	1990	1995	2000
1	Жайық - Каспий бассейні, барлығы, соның ішінде бекіре балықтары	59,4	50,3	39,3	43,8	26,7	21,6
2	Балқаш-Іле бассейні	12,6	12,4	11,8	11,0	6,6	3,3
3	Қапшағай су қоймасы	0,6	0,8	1,3	1,1	0,54	0,7
4	Алакөл көл жүйесі	4,7	3,0	2,5	2,1	1,4	0,9
5	Бұқтарма су қоймасы	12,7	8,5	7,5	7,9	6,0	9,3
6	Шульба су қоймасы	-	-	0,01	0,01	0,06	0,15
7	Шардара су қоймасы	1,8	1,7	1,8	2,5	1,6	0,36
8	Арал теңізі	8,2	9,0	8,6	0,2	-	0,3
	Жиыны	100,0	85,7	72,8	68,6	42,8	36,7

Балық шаруашылығы су айдындарының көпшілігінде коммерциялық тұрғыдан неғұрлым құнды балық түрлерін (сазан, ақ амур, көксерке, жерех) іріктеп алып қою жүруде. Нарық құны неғұрлым төмен түрлері (плотва, вобла және т.б.) орташа есеппен оларды аулауға бекіткен лимиттердің 30-50% дейін игеріледі.

90 жылдар басына дейін бөлінген лимиттердің 70-80% дейін игерілетін, соңғы жылдары орташа есеппен бекітілген лимиттердің 50% аспайтыны игеріледі, ал кейбір

су айдындары бойынша тек 30% ғана (2-кесте).

Кәсіпшілік балықтардың табиғи түрде ұдайы молаюы үшін жағдайларды қамтамасыз еткен ағындар мен балық жүретін арналардың тиісті жай-күйі болмағандықтан, ірі балық шаруашылығы су айдындарының қолайсыз жағдайын ескере отырып, оларда балық шаруашылығы мелиорация іс-шаралары кешенін жүргізу қажеттілігі туындады, бұл республикалық бюджеттен едәуір қаржы қаражатын бөлуді ұйғарады.

1992 жылдан бастап Жайық-Каспий бассейнін қоспағанда, республиканың ірі су айдындарында балық шаруашылығы мелиорациясы жүргізілмеді (2002 жылы республикалық бюджеттен 111,2 млн.теңге бөлінді).

80 жылдардан бастап республикада орташа және шағын көлдер базасында оларға балық жіберуді дайындау жөніндегі жұмыстар кешенін жүзеге асырумен бірге көл-тауар балық шаруашылықтарын (КТБШ) құру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді. 1986 жылға қарай құрылған жалпы ауданы 41,8 мың гектар 11 КТБШ-ның 10 жұмыс істеп тұрғандар қатарына қосылды.

Келесі кезеңде балық шаруашылықтарын және шабақ өндіру көлемінің қысқартылуына байланысты КТБШ өмір сүруден қалды. Қазіргі уақытта балық шаруашылықтарында балық салу материалдары өндірісін ұлғайту жөнінде іс-шаралар көзделуіне байланысты КТБШ қызметін қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Келесі кезеңде балық шаруашылығын мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыру үшін "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 шілдедегі N 714 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті құрылды.

Саладағы табиғи су айдындарына балық жіберу үшін 10 балық питомнигі мен уылдырық шашу-балық өсіру шаруашылықтары құрылды әрі жұмыс істеуде. Барлық балық шаруашылықтарының шабақтар өсіру жөніндегі жобалық қуаты 140,86 млн. дана құрады. Бір жасқа жетпеген шабақтарды су айдындарына жіберу 60 млн. данаға дейін жетті, ал сиг балықтарының личинкаларын өндіру 70-80 млн. данаға дейін жетті. 2-кесте

Қазақстанда балық аулаудың және лимиттерді игерудің жылдар бойынша серпіні

N P / c	1990			1995			1998		
	Ли.	Нақ.	%	Ли.	Нақ.	%	Ли.	Нақ.	%

	мит	ты		мит	ты		мит	ты	
1 Жайык-Каспий	50,4	43,8	86,9	51,2	26,6	51,9	49,4	27,2	55,0
2 Балқаш-Іле	11,2	11,0	98,2	12,0	6,6	55,0	10,7	3,5	32,7
3 Қапшағай	1,2	1,1	91,6	1,28	0,54	42,1	1,1	0,55	50,0
4 Алакөл	1,5	2,1	140,0	3,1	1,4	45,1	4,4	0,53	12,0
5 Бұқтарма	6,8	7,9	116,1	14,3	6,0	41,9	13,6	5,6	41,0
6 Шульба	-	0,01	-	0,2	0,006	30,0	0,33	0,09	27,1
7 Шардара	1,7	2,5	147,0	2,8	1,6	57,1	0,6	0,4	66,6
8 Арал теңізі	-	-	-	0,54	-	-	0,86	0,15	17,4
Жиыны	72,8	68,6	94,2	85,4	42,8	50,1	81,4	38,0	46,6

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

N	1999			2000		
	Ли.	Нақ.	%	Ли.	Нақ.	%
Р / с	мит	ты		мит	ты	
1 Жайық-Каспий	48,1	24,9	51,7	46,4	21,6	46,5
2 Балқаш-Іле	11,3	4,5	39,8	10,0	3,3	33,0

б а с с е й н і

3 Қапшағай	0,97	0,45	46,0	0,8	0,7	87,5
		с у		қ о й м а с ы		
4 Алакөл	1,68	0,76	47,5	4,8	0,9	18,7
		к ө л		ж ү й е с і		
5 Бұқтарма	11,4	7,7	67,5	10,0	9,3	93,0
		с у		қ о й м а с ы		
6 Шульба	0,3	0,15	50,0	0,33	0,15	45,4
		с у		қ о й м а с ы		
7 Шардара	0,47	0,2	42,5	0,3	0,36	120
		с у		қ о й м а с ы		
8 Арал теңізі	0,94	0,2	21,2	1,1	0,3	27,0
Жиыны	75,1	38,8	51,6	73,8	36,7	49,7

1998 жылы Жайық өзенінің сағасында әрқайсысының қуаты бекіре балықтарының 3 млн. шабақ болатын екі бекіре балық зауыты іске қосылды.

Жұмыс істеп тұрған ұдайы молайту мақсатындағы мемлекеттік кәсіпорындар күрделі жөндеуді, қайта жаңартуды және жаңғыртуды талап етеді, өйткені мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат балық шабақтарын өсіру жөніндегі технологиялық процестерді ғана қамтамасыз етті.

Балық шаруашылығы жұмыстары Бұқтарма, Қапшағай, Шардара су қоймаларында, Жайық-Каспий бассейнінде, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Павлодар облыстарында жүргізілуде.

Бағдарламада балық шаруашылығы жұмыстарына арналған қаржылық қаражатты 1,5 есе арттыру көзделеді, бұл 247 млн.теңге құрайды, сондай-ақ ұдайы молайту мақсатындағы кәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге 91 млн. теңге мөлшерінде.

Қазіргі уақытта бекіре және басқа балықтың құнды түрлерін жерсіндіру мен тауарлық өсіру жүргізілмейді.

Қазіргі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Қызыл Кітаптағы балық түрлерін қорғау, оларды зерттеу мен санын қалпына келтіруді толық қамтамасыз етпейді. Осыған байланысты балық ресурстарын қорғау, зерттеу және қалпына келтіру

жөніндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру қажет.

Бұдан басқа сирек кездесетін балықтар түрлерін жасанды түрде өсіру биотехнологиясын, сондай-ақ ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін сирек кездесетін балықтар түрлерін шектеулі алып қоюға жеңілдікті құқық беру тетігін әзірлеу әрі ж е т і л д і р у қ а ж е т .

Қазіргі уақытта балық қорларын пайдалану мен қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастар "Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Заңымен , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы балық аулау және басқа да су жануарларын аулау ережесіне", Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 сәуірдегі 414 қаулысымен бекітілген "Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесіне" сәйкес реттеледі.

Көрсетілген нормативтік құқықтық кесімдер ескірген және қазіргі заман талаптарына сай келмейді.

Бағдарламада Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне мынадай өзгерістер енгізу көзделеді:

балық ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу тәртібіне, сондай-ақ мынадай тұлғаларды жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатуға қатысты: мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жануарлар дүниесін зерттеуді және пайдалануды жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу ұйымдарын;

бақылаулық аулауды жүргізу, сондай-ақ жерсіндіру әрі өсіру мақсатында жануарларды аулау мен өндіру кезінде жануарлар дүниесін бақылау мен қорғау арнаулы уәкілетті органдары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің спорттық-әуесқойлық балық аулау жөніндегі шешімімен ҰОС-на қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар;

тауарлық өсіруге арналған олардың иелігіндегі су айдындарында жасанды түрде өсірілген балықты пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар;

балық қорғау органдары қараған әкімшілік құқық бұзушылық пен әкімшілік жаза қолдану бөлігінде;

балық қорғау инспекторларына балық қорғау заңнамасының бұзылуы туралы істер бойынша анықтау істерін жүргізу құқықтарын беру, сондай-ақ олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығына қылмыстық қол сұғушылық, қарсылық көрсеткені үшін жауапкершілік көздеу;

заңсыз ауланған балықты, көлік құралдарын, сондай-ақ қылмыс жасау құралдарын тәркілеу бөлігінде.

Балық шаруашылықтары аймақтары маңында жақын орналасқан мұнай-газ кен орындарының, суға батырылған жер қойнауын пайдалану объектілерінің, теңіздегі көлік операциялары кезінде туындаған авариялық жағдайлардың балықтардың

жай-күйіне теріс әсеріне байланысты балық шаруашылығы қызметіне қойылатын экологиялық талаптар мен көмірсутекті шикізатты барлау әрі өндіру, су жинау құрылыстарын пайдалану және балық шаруашылығы айдындарында кемелерді пайдалану кезінде балық шаруашылығына тигізбеген зиянды есептеу әдістемесі әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Балық шаруашылығы маңызы бар су айдындары мен су ағындарының экологиялық мониторингі бағдарламаларын әзірлеу көзделеді, өйткені қазіргі заман жағдайларында су сапасын бақылаудың және су айдындары мен су ағындарының перспективалық жай-күйін болжаудың болмауы химиялық қана емес, гидрохимиялық та көрсеткіштер бойынша су айдындары мен су ағындарының антропогендік факторлар әсерінен ластануын бағалау мүмкіндігін қиындатады.

Балық қорларын пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығы ұсыным жасаушы орган мәртебесіне ие Каспий теңізі су биологиялық ресурстары жөніндегі комиссияда және Каспий теңізіндегі бірлескен ғылыми зерттеулерде жүзеге асырылады.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен (бұдан әрі - Азық-түлікауылшаруымы) ақпараттық және консультациялық байланыстар жолға қойылды. 2001 жылы Қазақ балық шаруашылығы ҒЗИ базасында Азық-түлікауылшаруымы сарапшыларының Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Иран Ислам Республикасы, Монғолия мамандарының қатысуымен Орталық және Орта Азия ирригациялық су айдындарын балық шаруашылығына пайдалану жөнінде кеңес өткізілді.

Балық шаруашылығы су айдындарын жекелеген зерттеулер балық шаруашылығының тар ауқымдағы мәселелерін басымдықпен қаржыландыратын халықаралық гранттар бойынша жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Атырау облысындағы балықтың құнды тұқымдары мен олардың уылдырығының контрабандасының себептері жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, Каспий теңізі жағалауында және Жайық пен Қиғаш өзендері сағасында орналасқан өндірістік кооперативтердің қолайсыз экономикалық жағдайы, салық алымдарының едәуір ставкалары мен "Атыраубалық" ААҚ-тың төменгі сатып алу бағалары. Уылдырық бизнесінің шығыны төмен табыстылығы жағалау аудандары тұрғындарының қазіргі заманғы жүрдек су көлігімен және теңіз навигациясының ең жаңа аспаптарымен жабдықталған, ұйымдастырылған браконьерлік топтар құрған заңсыз балық кәсіпшілігін дамытуда.

Балықты заңсыз аулаудың жолын кесу жөнінде қабылданған шаралар лайықты нәтиже бермей отыр. Оның себептерінің бірі: балық қорларының жеткіліксіз қорғалуы, браконьерлікпен күресті қамтамасыз етуге бағытталған аумақтық органдардың өзара іс-қимылының нашарлығы мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің нашар болуы.

Трансұлттық қылмыстық жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының Атырау облысы мен Ресей Федерациясының Астрахань облысы құқық қорғау органдарының шекара бойындағы ынтымақтастығы бойынша өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру шекара бойындағы аумақтарда бекіре және басқа да балық өнімдерін заңсыз өндіру, олардың контрабандасы жолын кесуге бағытталған бірлескен іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

Ресей мен Қазақстанның браконьерліктің жолын кесу жөніндегі шекара бойындағы ынтымақтастықты жолға қою, бекіре балықтары түрлерін аулау квоталарын беру мен оларды пайдалануды бақылау шараларын күшейту көзделуде.

Қазақстан Республикасы балық шаруашылығы мен балық қорларын ұдайы молайту саласында жетекші елдерден едәуір артта қалуда әрі халықаралық ынтымақтастық болмағандықтан және жаңа технологиялар сатып алмағандықтан ескірген технологияларды пайдалануда.

Іс жүзінде білім беру, тағлымдама алу, тәжірибе мен технологиялар алмасу саласындағы ынтымақтастық тоқтатылды.

Осы Бағдарлама шеңберінде балық шаруашылығын дамытудың мынадай жолдары ұсынылуда:

нормативтік және заңнамалық базаны жетілдіру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

балық ресурстарын қорғауды күшейту және балық шаруашылығы мелиорация жұмыстарын жүргізу;

республика су айдындарында балық қорларын жасанды түрде ұдайы молайту; балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету.

Осы Бағдарламаны республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, табиғат пайдаланушылар қаражаты, халықаралық қаржы институттары қаражаты есебінен іске асыру көзделуде.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

елдің балық шаруашылығын дамыту, балықтың құнды түрлерін сақтау әрі дамыту және балық қорларын ұтымды пайдалану.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

балық шаруашылығын тиімді дамыту үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

балық шаруашылығы саласын мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру; балық ресурстарын қорғаудың, ұдайы молайтудың тиімді жүйесін қалыптастыру;

балықтардың құнды түрлерінің кәсіпшілік қорларын қалыптастыру әрі толықтыру және көл-тауар шаруашылықтарын дамыту үшін жағдай жасау; балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

5.1. Заңнамалық базаны жетілдіру

Заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында мынадай нормативтік құқықтық кесімдер әзірленеді:

тұлғалардың кейбір санаттарын жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босату, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеу тәртібіне қатысты;

балық қорғау органдарының әкімшілік құқық бұзушылық пен әкімшілік жаза қолдану туралы істерді қарауы;

балық қорғау инспекторларына балық қорғау заңнамасының бұзылуы туралы істер бойынша анықтау істерін жүргізу құқықтарын беру, сондай-ақ олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оларға бағынбауы, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығына қылмыстық қол сұғушылық, қарсылық көрсеткені үшін жауапкершілік көздеу;

заңсыз ауланған балықты, көлік құралдарын, сондай-ақ қылмыс жасау құралдарын тәркілеу;

табиғат пайдаланушылар мен балық ресурстарын қорғау органдарының балық аулау лимиттері мен квоталарын игерілуі үшін жауапкершілігін күшейту;

табиғат пайдаланушыға балық шаруашылығы су айдындарын немесе балық кәсіпшілігі учаскелерін ұзақ мерзімге (10 жылдан астам) пайдалануға беру;

өткізу рыноктарынан қашықтығына, олардың коммерциялық құнына, табиғат пайдалану дәстүріне, сондай-ақ ғылыми мақсаттарға балық ресурстарын пайдаланғаны үшін ақыны саралап төлеуді енгізу;

отандық рынокты қорғау мақсатында балық өнімдері импортына қатысты тарифтік-кеден саясатын жетілдіру;

Каспий теңізі биологиялық ресурстарын сақтау туралы, сондай-ақ Каспий теңізі биологиялық ресурстары жөніндегі комиссия құру туралы келісімдер қабылдау;

Қазақстан мен Ресей балық қорғау органдарының ынтымақтастығы жөнінде келісімдер жасасу;

көл-тауар шаруашылықтарын дамыту;

көмірсутекті шикізатты барлау әрі өндіру, су жинау құрылыстарын пайдалану және балық шаруашылығы айдындарында кемелерді пайдалану кезінде балық

шаруашылығына тигізілген зиянды есептеу әдістемесін бекіту;
балық шаруашылығы маңызы бар су айдындары мен су ағындарының экологиялық мониторингі бағдарламаларын бекіту;
балық шаруашылығы қызметте қойылатын экологиялық талаптарды бекіту;
Балық шаруашылығы су айдындарындағы мелиорация жұмыстарын жүргізу ережесін әзірлеу.

5.2. Балық ресурстарын қорғау және балық шаруашылығы мелиорация жұмыстары

Екі немесе одан да көп облыс аумағында орналасқан әрі трансшекаралық сипатқа ие облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармалар өз қызметін бассейндік қағидат бойынша тиімді жүзеге асыруда. Мұндай көзқарастың қажеттігі биоресурстардың объективті тұтастығынан айқындалады. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған басқармалар мемлекеттік органдар болып табылмайды әрі мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыра алмайды. Осыған байланысты, сондай-ақ балық ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы функциялардың атқарылуының тиімділігін арттыру мақсатында қазіргі мемлекеттік мекемелер - облысаралық бассейндер басқармаларға мемлекеттік органдар, ал олардың қызметкерлеріне мемлекеттік қызметшілер мәртебесі беріледі.

Балық қорларын қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін мыналар көзделеді:

бір облыс аумағында орналасқан әрі трансшекаралық сипаты жоқ су айдындарында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық органдары - қазіргі штат саны шегінде төрт аймақтық балық инспекциясы балық шаруашылығы облыстық аумақтық басқармалары етіп қайта ұйымдастырылады (1-сурет);

Арал-Сырдария балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқарма құру;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармаларының материалдық-техникалық базасын дамыту;

1-сурет

Қазақстан Республикасы су айдындарында балық ресурстарын мемлекеттік басқару мен оларды бақылаудың ұсынылып отырған құрылымы

Ауыл шаруашылығы министрлігі		
Балық шаруашылығы комитеті		
Облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармалары	Облысаралық балық ресурстарын қорғау мен балық аулау жөніндегі бассейндік басқармалар	Ұдайы молайту мақсатындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар:
	Жайық-Каспий Балқаш-Алакөл Зайсан-Ертіс Арал-Сырдария	Балық питомниктері; Уылдырық шашу-балық өсіру шаруашылықтары;
Облыстық маңызы бар су айдындары	Облысаралық бассейндер су айдындары	Өндірістік-жерсіндіру станциясы; Бекіре балықтары зауыттары

мыналар арқылы балық қорғау кадрларымен қамтамасыз етуді жақсарту: мемлекеттік жоғары оқу орындары базасында балық қорғау кадрларын даярлауды ұйымдастыру балық кәсіпшілігінің жай-күйі мен балық қорларының мониторингін жүргізетін ихтиологиялық қызметті күшейту.

2004-2006 жылдар кезеңінде балық шаруашылығы мелиорация жұмыстарының ең төменгі қажетті көлемін, атап айтқанда Жайық және Қиғаш өзендерінің сағасында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету көзделеді. Балық шаруашылығы мелиорациясы жұмыстары мынадай жағдайларда жүргізілуі тиіс:

белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен биологиялық негіздеме болуы ;

бір облыс аумағында орналасқан су айдындарында мелиорация жұмыстарының түрлері балық ресурстарын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілуі тиіс.

5.3. Республика су айдындарында балық қорларын жасанды түрде ұдайы молайту

Б ұ л б а ғ ы т т а :

1) республика су айдындарында балықтың құнды түрлерінің кәсіпшілік санын қалыптастыру, балықтың құнды түрлерінің уылдырық шашу санын тұрақтандыру әрі а р т т ы р у , о н ы ң і ш і н д е :

өскелең балық тауар өнімін барынша алып қою мақсатында қазіргі балық-су нормативтеріне сәйкес су айдындарына жыл сайын балық жіберуді ұлғайту;

оңтайлы рұқсат етілетін балық аулау есептеріне сәйкес су айдындары ихтиоценозында олардың үлесін ұлғайту әрі балықты алып қою үшін шабақтармен толықтыруды кезеңділікпен жүзеге асыратын балықтың құнды түрлерінің өз бетімен көбейетін кәсіпшілік үйірлерін жасау;

көлдерді оларға балық жіберуге дайындау жөніндегі балық- су-мелиорация жұмыстарын жүргізу ;

құнды түрлерінің өзара қатынастарында бәсекелестікті азайту үшін олардың шоғырланатын жерлерінде балықтардың құндылығы шамалы түрлерін іріктеп аулауды жүзеге асыру ;

2) балықты ұдайы молайту мақсатындағы кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру;

3) сирек кездесетін балықтардың мекендейтін және көбейетін жерлерінде табиғи резерваттар ұйымдарының табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу ;

4) су айдындарына балық жіберу мен оларды жерсіндірудің республикалық схемасын әзірлеу, оның ішінде :

шағын су айдындарына балық жіберу мен оларды жерсіндірудің экологиялық жай-күйін бағалау әрі биологиялық және техникалық-экономикалық негіздемелерін дайындау ;

жасанды түрде ұдайы молайту биотехнологиясын жетілдіру (әртүрлі су айдындары үшін балық салу материалының оңтайлы жас мөлшерін айқындау, шабақтар жіберу жерлерін нақтылау) ;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында асыл тұқымды жоғары өнімді материал жасау әрі дамыту ;

тоған әрі индустриялық балық-су шаруашылықтарын дамытудың биологиялық және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу;

тоған шаруашылықтарының қазіргі жай-күйін және индустриялық балық шаруашылығы үшін әлеуетін бағалау;

уылдырық шашу-балық өсіру шаруашылықтары мен балық питомниктерінің қызметіне талдау жүргізу және балық жіберудің қолданылатын технологияларының

т и і м д і л і г і н

б а ғ а л а у ;

биологиялық негіздемелерге сәйкес Арал (Кіші) теңізінде, Балқаш, Зайсан көлдерінде, Қапшағай су қоймасында және басқа да су қоймаларында биологиялық негіздемелерге сәйкес бекіре балықтарының түрлерін жерсіндіру және өсіру;

су айдындарына балық жіберу мен оларды жерсіндірудің республикалық схемасын әзірлеу жөнінде мынадай шаралар қабылданады:

балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлерін сақтау әрі тұрақты п а й д а л а н у ж ө н і н д е ;

балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлері таралымының қазіргі жай-күйін айқындау жөнінде балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлерін жасанды түрде ұдайы молайту биотехнологиясын әзірлеу әрі жетілдіру ж ө н і н д е ;

сирек кездесетін балықтардың мекендейтін және көбейетін жерлерінде табиғи резерваттар ұйымдарының табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу жөнінде;

ерекше қорғалатын табиғи аймақтар (ЕҚТА) су айдындарына балық жіберу мен оларды жерсіндіру, қайта жерсіндіру жөнінде;

мекендейтін жерлерінде, табиғи резерваттарда және бейімделген су айдындарында балық қорғауды күшейту жөнінде;

5) балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлері мекендейтін жерлерінде табиғи резерваттар ұйымдастыру жөнінде;

балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлері мекендейтін жерлерінде табиғи резерваттар ұйымдастыру, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген балықтың сирек кездесетін түрлерінің тектік қорын сақтау әрі олардың санын шаруашылық маңызы бар санына д е й і н ұ л ғ а й т у ;

балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлерінің қазіргі жай-күйін т а л д а у ;

Қызыл кітаптағы балық түрлерін сақтаудағы қазіргі ЕҚТА рөлін бағалау; балықтың сирек кездесетін түрлерінің санын арттыру және оларды шектеулі түрде шаруашылық пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

олардың табиғи мекендеріндегі түрлері санын сақтау әрі ұлғайту жөніндегі і с - ш а р а л а р ұ с ы н у ;

б) өнеркәсіптік өндіру үшін жаңа объектілерді (албырт балық, көксерке, бекіре балықтары) жасанды түрде өсірудің биотехнологияларын енгізу.

5.4. Балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету

Балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету мақсатында:

1) трансшекаралық су ағындарының гидрологиялық режиміне талдау жүргізу және оның биоресурстардың қалыптасуына ықпалын айқындау;

2) кәсіпшілік учаскелердің балық өнімділігі мен балық шаруашылығы су айдындарында балық аулаудың оңтайлы рұқсат етілетін мөлшерін айқындау, оның і ш і н д е :

балықтардың жай-күйіне тұрақты мониторингті жүзеге асыру және ихтиоценозды басқару жөніндегі ұсынымдар әзірлеу;

балықтар құнды түрлерінің жай-күйіне, олардың табиғи ұдайы молаюына, уылдырық шашатын жерлері мен мерзімдеріне тұрақты мониторинг жүргізу;

балық шаруашылығы мелиорациясы жұмыстарын бағалауды жүргізу;

балық ресурстарының нақты қорларын айқындау мақсатында балық шаруашылықтары суайдындарын паспорттауды жүргізу;

кәсіпшілік балық табындары серпініне тұрақты мониторингті қамтамасыз ету;

Қазақстанның шағын су айдындары биоресурстарының қазіргі жай-күйін бағалауды жү р г і з у ;

шағын су айдындарының жемдік базасы мен балық өнімділігін бағалау;

тоған және индустриялық балық-су шаруашылықтарын дамытудың биологиялық және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу;

3) балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлерінің қазіргі жай-күйін талдауды жүргізу және балықтың сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлерін жасанды түрде ұдайы молайту биотехнологиясын әзірлеу әрі жетілдіру ;

4) балық шаруашылығын ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру:

балық шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының статистикалық есептілігі н ы с а н д а р ы н ж е т і л д і р у ;

балық шаруашылығы кәсіпорындарының қызметі мен балық өнімдері рыногына т а л д а у ж ү р г і з у ;

Қазақстан Республикасы балық шаруашылығының жай-күйі жөніндегі бірыңғай электронды деректер банкін жасау.

6. Оларды қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары, табиғат пайдаланушылар қаражаттары, халықаралық қаржы институттары қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру сомалары: 2004 жылы - 630,4 млн.теңге; 2005 жылы - 330,2 млн.теңге; 2006 жылы - 342,2 млн.теңге қ ұ р а й д ы .

Бұл ретте Бағдарламаны қаржыландыру жыл сайынғы көлемдері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Су айдындарында балықтың құнды түрлерінің кәсіпшілік үйірлері қалыптастырылады, су айдындарының балық өнімділігі арттырылады, таралымның уылдырық шашу бөлігі ұлғайтылады.

Қазақстандық және югославтық табан, ақ дөңмандай желілерін өнеркәсіптік байқау жүргізіледі, тоған шаруашылықтары толық жұмыс істей бастайды, балық өндіру өнеркәсібінің жаңа объектілерін енгізу жөніндегі, оларды өсіру мен тауар өнімін алу биотехнологияларын жетілдіру жөніндегі эксперименттік жұмыстар басталады.

Балық шаруашылығының бірыңғай ақпараттық өрісін құру, бүкіл балық шаруашылығы қызметіне талдау жүргізу, балық өндірісін және Қазақстан Республикасы халқын балық өнімдерімен жабдықтауды ұлғайту жөніндегі іс-шаралар ұ с ы н ы л а д ы .

Елдің балық шаруашылығын қалпына келтіру, дамытуға жәрдемдесетін заңнамалық және басқа да нормативтік құжаттар қабылдау.

Траншекаралық био және су ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер, балық өнімдерінің экспортын ұлғайту, инвестициялар есебінен қосымша қаражат ағыны құйылады.

Бағдарламаның түпкі нәтижесі Қазақстан Республикасы су айдындарындағы балық аулаудың болжамы мен нақты аулануының сәйкес болуына қол жеткізу (теңізде балық аулайтын флоттың жоқтығына байланысты Жайық-Каспий бассейнінде теңіз балықтарын аулаудың лимиті игерілмейді әрі есепке алынбайды) болып табылады.

Мұның өзі балық өндіру және балық өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамытуды ж о с п а р л а у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

2003 жылғы балық аулау болжамы бақылау деңгейі ретінде алынды. Қазақстан Республикасы табиғи су айдындарында 2006 жылға арналған болжам бойынша жалпы балық өндіру мен балық өнімдерінің жалпы өнімі 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Қазақстан Республикасы табиғи су айдындарында 2006 жылға арналған болжам бойынша жалпы балық өндірісі мен балық өнімдерінің жалпы өнімі

Су айдындары	Жалпы	Жалпы
	ө н д і р і с	ө н і м

		Т о н н а	млн. теңге
Жайық-Каспий бассейні	23566,59	638,9	
Балқаш көлі	8144	144,5	
Алакөл көлдер жүйесі	2823	35,9	
Қапшағай су қоймасы	1978	43,8	
Арал (Кіші) теңізі	1350	40,5	
Шардара су қоймасы	315	10,2	
Бұқтарма су қоймасы	9065	269,8	
Шульба су қоймасы	491	20,1	
Басқа да су айдындары	3993,5	83,2	
Барлығы		51726,09	1286,9

Бассейндік қағидатқа негізделген әрі өңірлердің экологиялық-биологиялық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеретін Қазақстан Республикасы балық шаруашылығын мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі қалыптастырылады.

Балық қорғау және балық-су-мелиорация жұмыстарын күшейту есебінен болжамның ақталуы жыл сайын шамамен 33% өседі деп болжануда.

2006 жылға дейін нақты балық аулаудың күтілетін болжамы 2006 жылға қарай 2003 жылдың оңтайлы рұқсат етілетін балық аулау (ОРБА) мөлшеріне (51,71 мың т.) қол жеткізілетіні ескеріліп, 1998-2001 жылдардағы су айдындары бойынша орташа есеппен нақты балық аулаумен (36,11 мың т.) салыстырғанда балық аулау көлемінің ұлғаюына есептелген.

4-кесте

Қазақстан Республикасы балық шаруашылығы су айдындарында балық аулаудың болжамы

N P/c	Негізгі балық шаруашылығы су айдындары	1998- 2001	2003 жылға жылдар. дағы	Жылдар бойынша күтілетін нақты балық аулау арналған бекітіл.		
				2004	2005	2006
1.	Жайық-Каспий бассейні	22,22	23,56	22,67	23,11	23,56

2.	Балқаш-Іле бассейні	3,71	8,14	5,18	6,66	8,14
3.	Қапшағай су қоймасы	0,6	1,98	1,06	1,52	1,98
4.	Алакөл көл жүйесі	0,79	2,82	1,46	2,14	2,82
5.	Бұқтарма су қоймасы	7,54	9,06	8,05	8,55	9,06
6.	Шульба су қоймасы	0,14	0,49	0,25	0,37	0,49
7.	Шардара су қоймасы	0,28	0,32	0,29	0,31	0,32
8.	Арал теңізі	0,32	1,35	0,66	1,0	1,35
9.	Басқа су қоймалары	0,51	3,99	1,67	2,83	3,99
	Жиыны	36,11	51,71	41,29	46,49	51,71

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 1259 қаулысымен.

N Р/с	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржыландыру көздері (млн. теңге)
1	2	3	4	5	6	7

1. Балық аулау мен балық шаруашылығы саласындағы нормативтік және заңнамалық базаны жетілдіру, халықаралық ынтымақтастық пен сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту

1	Табиғат пайдаланушылар мен	Норма. тивтік құқық. балық тарын басқа	АШМ және су	Жыл сайын III сан ресур. тық кесімдердің
---	----------------------------	--	-------------	--

жануарларын жоба.
 басқару мемлекеттік
 кеттік
 органдары
 қатынастарын
 реттеу
 жөніндегі
 нормативтік
 құқықтық
 кесімдер
 дайындау

2	Каспий теңізі биоресурс тарын сақтау оларды басқару туралы	Норма. тивтік құқық.	АШМ, ҚОҚМ мен	2006жылдың IV тоқсаны	Талап етіл. мейді тық кесім. дердің жобалары
			Келісімдер, Каспий теңізі су ресурстары жөніндегі комиссия туралы келісімдер әзірлеу		

3	Қазақстан және Ресей балық қорғау органдарының	Келісім жобасы	АШМ	2006 жылдың IV тоқсаны	ынтымақтас. тығы жөнінде келісім әзірлеу
---	--	----------------	-----	------------------------	--

4	Көл-тауар	Норма.	АШМ,	2005	Техника. Жергілікті
---	-----------	--------	------	------	---------------------

шаруашылық. тарын құру жөніндегі шаралар қабылдау	тивтік құқық. тық кесім. дер жоба.	облыс. тар әкім. дері, табиғат пайдала.	жылдың III тоқсаны пайдала. лар ы	лық эко. номика. лық негізде. мелерге сәйкес	бюджеттер, табиғат пайдаланушы. лар қаражат. тары, кредит нушылар
--	---	--	---	---	--

5	Көмірсутекті шикізатты барлау өндіру,	АШМ бұйрығы және балық	АШМ, ҚОҚМ	2005 жылдың	2005ж.-* жылдың	Республикалық бюджет III тоқсаны
						шаруашылығы судағы құрылыстарын пайдалану және кемелерді пайдалану кезінде балық шаруашылығына келтірілген зиянды есептеу әдістемесін әзірлеу

6	Балық шаруашылығы маңызы мен	АШМ, бұйрығы.	АШМ, ҚОҚМ	2005-2006 жж.	2005ж.-* 2006ж.-*	Республикалық бюджет
						бар айдындары судағы дарының экологиялық мониторингі бағдарламасын әзірлеу

7	Балық шаруашылығы	Қазақстан Республи.	АШМ, ҚОҚМ	2005-2006 жж.	2005ж.-* 2006ж.-*	Республикалық бюджет
---	----------------------	------------------------	--------------	------------------	----------------------	-------------------------

қызметіне
қойылатын
экологиялық

касының
Үкіметіне
ақпарат

талаптарды
әзірлеу

8	Қазақстан Республикасының	АШМ бұйрығы	АШМ, ҚОҚМ	2004 жылдың III	2004ж.-1,1	Республикалық бюджет тоқсаны
---	---------------------------	-------------	-----------	-----------------	------------	------------------------------

айдындарын .
дағы мелио .
рация жұмыс .
тары туралы
ережені
әзірлеу

2. Балық ресурстарын қорғау мен балық шаруашылығы мелиорация жұмыстары

9	Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	АШМ	2004 жылдың I	тоқсаны
---	--	-------------------------------------	-----	---------------	---------

ұсыныстар
балық
ресурстарын
қорғау мен
балық аулауды
реттеу
жөніндегі
бассейндік
басқармалары
(Жайық - Каспий,
Балқаш - Алакөл
және
Зайсан - Ертіс)
қызметкерлеріне
мемлекеттік
қызметші
мәртебесін

б е р у ж ө н і н д е
ұ с ы н ы с т а р
д а й ы н д а у

10	Аумақтық облыстық балық шаруашылығы	Қазақстан Республика сының Үкіметі басқармаларын қайта (ішкі бөліс есебінен) құру және жетектеу жинақтау	АШМ	2004 жылдың IV тоқсаны қаулысының жобасы
----	--	---	-----	---

11	Арал-Сырдария балық ресурстарын қорғау мен реттеу жөніндегі	Қазақстан Республика. сының Үкіметі балық аулауды құру	АШМ	2004 жылдың II тоқсаны қаулысы. ның жобасы бассейндік басқармасын	Талап етілмей. ді тоқсаны ның жобасы
----	--	--	-----	---	---

12	Балық ресурстарын қорғау мен балық реттеу	Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат	АШМ	Жыл сайын III тоқсан жөніндегі бассейндік басқармалар. дың материал. дық-техникалық базасын	АШМ Республикалық әкімшілік бюджет шығыстары. ның құрамында
----	---	---	-----	---	---

13	Аумақтық органдардың материалдық-техникалық базасын	Қазақстан АШМ Республи. қасының Үкіметіне ақпарат	2005 жылдың	Барлығы* Жылдар III тоқсаны	Республикалық бюджет бойынша: 2005ж.-* 2006ж.-*
----	---	---	-------------	-----------------------------	---

д а м ы т у

14	Балық қорғау кадрларын	АШМ бұйрығы	АШМ	Жыл сайын I тоқсан	Талап етілмейді
----	------------------------	-------------	-----	--------------------	-----------------

д а я р л а у д ы
ұ й ы м д а с т ы р у

15	Жайық және Қиғаш өзендері сағасында түбін тереңдету	Қазақстан АШМ, Республи. қасының Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын облыс.сайын тар. дың әкім. дері	Барлығы* Жылдар IV тоқсан	Республикалық бюджет бойынша: 2004ж.-* 2005ж.-* 2006ж.-*
----	---	--	---	---------------------------	--

ж ұ м ы с т а р ы н
ж ү р г і з у

3. Республика су айдындарында балық қорларын жасанды түрде ұдайы м о л а й т у

16	Республика су айдындарын да балықтың құнды түрлерінің кәсіп. шілік санын қалыптастыру, балықтың құнды түрлерінің	Қазақстан АШМ Республи. сының Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын IV	Барлығы 777 тоқсан	Республикалық бюджет Жылдар бойынша: 2004ж.- 247 2005ж.- 259 2006ж.- 271
----	--	---	--------------	--------------------	--

у ы л д ы р ы қ
ш а ш а т ы н
т а р а л ы м д а р ы
с а н ы н
т ұ р а қ т а н д ы р у

17 Балықты ұдайы Қазақстан АШМ 2004 2004ж.- Республикалық
 молайту Республи. жылдың 91,3 бюджет
 мақсатындағы қасының ІV
 кәсіпорындар. Үкіметіне тоқсаны
 дың ақпарат
 материалдық -
 техникалық
 базасын
 дамыту

18 Сирек Табиғи- АШМ, 2005 2005ж.-* Республикалық
 кездесетін ғылыми ҚОҚМ жылдың бюджет
 балықтардың және ІV
 мекендейтін ТЭН тоқсаны
 және
 көбейетін
 жерлерінде
 табиғи
 резерваттар
 ұйымдарының
 табиғи-ғылыми
 және техникалық -
 экономикалық
 негіздемелерін
 әзірлеу

19 Су айдындарына Қазақстан АШМ 2006 Барлығы: 18 Республикалық
 балық жіберу Республи. жылдың 2004ж.-6; бюджет
 мен оларды қасының ІV 2005ж.-6;
 жерсіндірудің Үкіметіне тоқсаны 2006ж.-6
 республикалық ақпарат
 схемасын
 әзірлеу

20 Сирек Қазақстан АШМ, 2006 Техникалық- Жергілікті
 кездесетін Республи. ҚОҚМ жылдың экономика. бюджеттер,
 балықтардың қасының ІV лық негізде. табиғат

мекендейтін жерлерінде табиғи резерваттар ұйымдастыру	Үкіметі қаулысы. ның жобасы	тоқсаны	мелерге сәйкес	пайдалану. шылар, халы. қаралық қаржы институт. тарының қ а р а ж а т т а р ы
---	--------------------------------------	---------	-------------------	--

21	Өнеркәсіптік өндіру үшін жаңа объекті. лерді (албырт балық, көк. серке, бекіре б а л ы қ т а р ы) ж а с а н д ы т ү р д е ө с і р у д і ң	Қазақстан АШМ Республи. касының Үкіметіне ақпарат.	2006 жылдың II тоқсаны	Техникалық- экономика. лық негізде. мелерге сәйкес	Жергілікті бюджеттер, табиғат пайдалану. шылар қаражаттары
----	--	--	---------------------------------	--	---

б и о т е х н о л о .
г и я л а р ы н
е н г і з у

4. Балық шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету

22	Траншекаралық су ағындарының гидрологиялық режиміне талдау жүргізу және оның биоресурстардың	Қазақстан АШМ Республи. касының Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын Барлығы: 51,4 IV тоқсан	Республикалық бюджет 2004ж.- 17 2005ж.- 17,2 2006ж.- 17,2
----	---	---	--	--

қ а л ы п т а с у ы н а
ы қ п а л ы н а й қ ы н д а у

23	Республикалық маңызы бар ірі балық шаруашы. лығы су айдындары	Қазақстан АШМ Республи. касының Үкіметі қаулысы. ның	Жыл сайын Барлығы: 144 IV тоқсан	Республикалық бюджет Жылдар бойынша: 2004ж.- 48
----	--	---	---	--

кәсіпшілік жобасы
учаскелерінің
балық өнімді.
лігі мен

2005ж.-
48
2006ж.-
48

б а л ы қ
а у л а у д ы ң
о ң т а й л ы
р ұ қ с а т
е т і л е т і н
м ө л ш е р і н
а й қ ы н д а у
К ә с і п ш і л і к
б а л ы қ
ү й і р л е р і н і ң
ж а й - к ү й і
м е н о л а р д ы ң
қ о р л а р ы н
б а ғ а л а у д ы ң
н е г і з і н д е
о б л ы с т ы қ с у
а й д ы н д а р ы н д а
б а л ы қ а у л а у д ы ң
о ң т а й л ы р ұ қ с а т
е т і л е т і н м ө л ш е р і н
а й қ ы н д а у

24 Сирек	Қазақстан	АШМ 2006	Техника.	Жергілікті
кездесетін	Республи.	жылдың	лық-экономи.	бюджеттер,
және жойылу	касының	II	калық негіз.	табиғат
қаупі төнген	Үкіметіне	тоқсаны	демелерге	пайдаланушы.
балық	ақпарат		сәйкес	лар қаражат.
түрлерінің				тары
қазіргі	жай -			

к ү й і н е т а л д а у
ж ү р г і з у .
С и р е к
к е з д е с е т і н
ж ә н е ж о й ы л у
қ а у п і т ө н г е н

б а л ы қ т ү р л е р і н
ж а с а н д ы т ү р д е
ұ д а й ы м о л а й т у
 б и о т е х н о л о г и я .
л а р ы н ж е т і л д і р у
 ә з і р л е у

22	Балық шаруа. шылығын дамытуды ақпараттық- талдамалық	Қазақстан Республи.	АШМ жылдың касының Үкіметіне	2005 2005ж.-* жылдың касының Үкіметіне	Республикалық бюджет IV тоқсаны ақпарат қамтамасыз етуді ұйымдастыру
----	--	------------------------	---------------------------------------	--	---

* қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық қалыптастыру кезінде нақтыланады.